



№ 8 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП




# Африка



# Жалпы мәлімет

Африка — Жерорта мен Қызыл теңіздерден оңтүстікке ал Атлант мұхитының шығысы, Үнді мұхитының батысында орналасқан материк. Үлкендігі жағынан Евразиядан кейінгі екінші материк. Африка аумағы 30 065 000 км<sup>2</sup>, ол құрлықтың 20,3 % алып жатыр. аралдарымен — 30,2 миллион км<sup>2</sup>, яғни жер шары бетінің 6 % және құрлықтың 20,4 % алып жатыр. Африка Территориясында 53 мемлекет, 4 егемендігі танылмаған елдер ж/е 5 бағынышты-отар территория бар (аралдық).




Африка жалпы халқы 960 млн адам. Африка адамзаттың шыққан жері саналады: осы құрлықтан ең ежелгі гоминид ж/е одан да бұрынғы қаңқалар табылған. Соңғысы 7 миллион жыл бұрынғы — *Sahelanthropus tchadensis*, *Australopithecus africanus*, *Afarensis*, *Homo erectus*, *H. habilis*, *H. ergaster* қоса есептегенде.

Ең ежелгі *Homo sapiens* Эфиопиядан табылған жасы екіжүз мың жыл бұрынғы.

Африка құрлығы экваторды ж/е көптеген климаттық зоналарды кесіп өтеді; Африка солтүстік қоңыржай белдеу мен оңт қоңыржай белдеу кесіп өтетін жалғыз материк.



АФРИКАНСКИЯ ПЛЕМЕНА.




# Құрлықтың зерттелуі



## Жер бедері

Көп бөлігі — жазықты, солт батысында Атлас тауы, Сахарада — Ахаггар ж/е Тибести қыраттары. Шығысында — Эфиопия қыраты, одан оңтүстікте — Килиманджаро жанартауы (5895 м) — құрлықтың ең биік жері орналасқан. Оңтүстігінде Кап ж/е Айдаһар тауы бар. Ең төмен нүктесі (-157 м) Жибутиде орналасқан, Ассаль тұзды көлі.







## Пайдалы қазбалары

Африка ең алдымен өзінің бай алмаз кендерімен белгілі (ОАР, Зимбабве) ж/е алтын (ОАР, Гана, Конго). Мұнай кен орны Алжирде; бокситті Гвинея мен Гана өндіреді. Фосфорит, марганец, темір ж/е қорғасын-мырыш кені солтүстік Африка жағалауларында таралған.



# Ішкі сулары

Африкада ұзындығы жөнінен әлемдегі екінші өзен — Ніл орналасқан, өзен оңтүстіктен солтүстікке қарай ағып жатыр. Басқа ірі өзендері — Нигер батысында, Конго орталықта ал Замбези, Лимпопо ж/е Оранжевая оңтүстікте. Ең ірі көлі — Виктория. Басқа ірі көлдері — Ньяса ж/е Танганьика, литосфералық жарықтарда орналасқан. Олар солтүстіктен оңтүстікке қарай созыла орналасқан.



Крупные телекоммуникационные прокладки под водой

## Климаты

Орталық Африка ж/е Гвинея шығанағы жағалық аудандары экваторлық белдеуде орналасқан ол жерге ылғал мол түседі, жыл мезгілдері ауыспайды. Экваторлық белдеуден солтүстікке ж/е оңтүстікке қарай субэкватор белдеуі орналасқан. Мұнда жазда ылғалды экваторлық ауа массы (жаңбырлы мезгіл), ал қыста — тропикалық пассаттың құрғақ ауасы (құрғақ мезгіл) келеді. Солтүстік ж/е оңтүстік субэкваторлық белдеулерден кейін солтүстік ж/е оңтүстік тропикалық белдеу орналасқан. Бұл жерде жоғары температура мен ылғалдың аздылығы шөлденуге негіз болады. Солтүстігінде әлемдегі ең үлкен Сахара шөлі, оңтүстігінде — Калахари шөлі орналасқан. Матеріктің солтүстік ж/е оңтүстік шеткі бөліктері субтропикалық белдеуге кіреді.



Водопад Виктория. Зимбабве. Один из величайших водопадов мира.





# Фаунасы мен флорасы

Жануарлары: антилопа (дукер, бонго), кішкене бегемот, леопард, лемур ( Мадагаскар), шимпанзе, горилла ж/е т.б.;

Құстар: попугайлар, турако, цесарка, мүйіztұмсық-құс (калао), какаду, марабу.. Рептилиялар: питон, кобра, мамба, афр. гадюкасы, крокодилдер....т.б

Жер бетінде Африка саваннасындағыдай жануарлардың көп ж/е үлкен түрлері кездеспейді: Пілдер, бегемоттар, мүйіztұмсықтар, арыстандар, керіктер, гепардтар, антилопалар (канн,гну), зебрлер, , афр. түйеқұстары, буйволдар кездеседі. Ағаштардан алып баобаб ағашы. Саванналарда кішкентай ағаш бұталар (акация, терминалия, буш) кездеседі.

